

**Ақпараттандыру, байланыс саласындағы, электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 264 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 307 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 17 қазанда № 7263 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 734 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 493 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.06.2015 № 734 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.06.2015 № 493 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 13 бабының 4 тармағына, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңына, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңына, «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Жеке кәсіпкерлік саласындағы:

- 1) осы бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы;
- 2) осы бірлескен бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес байланыс саласындағы;
- 3) осы бірлескен бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына тексеру парақтарының нысандары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті (Р.Р. Нұршабеков) белгіленген заңнамалық тәртіпте:

- 1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат

құралдарында оны ресми жариялауды;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. «Тексеру парақтары нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2010 жылғы 17 ақпандағы № 63 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2010 жылғы 19 ақпандағы № 86 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 1 наурызда № 6092 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 13 наурызда № 58-60 жарияланған) бірлескен бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бірлескен бұйрықтың атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат вице-министрі С.С. Сарсеновке жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Қазақстан Республикасы*

*Байланыс және ақпарат министрі*

*Экономикалық даму және сауда*

*А. Жұмағалиев*

*министрінің міндетін атқарушы*

*М. Құсайынов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б а й л а н ы с

ж ә н е

а қ п а р а т

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

3 1

т а м ы з д а ғ ы

№

2 6 4

ж ә н е

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Э к о н о м и к а л ы қ

д а м у

ж ә н е

с а у д а

м и н и с т р і н і ң

м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы с ы н ы ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1 6

қ ы р к ү й е к т е г і

№

3 0 7

б і р л е с к е н

б ұ й р ы ғ ы н а

1-қосымша

Нысан

## **Ақпараттандыру саласындағы жеке кәсіпкерлік**

### **саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді белгілеген орган \_\_\_\_\_

Тексеруді белгілеу туралы акт \_\_\_\_\_

(Құқықтық статистика органында тіркеу туралы мәлімет, №, күні)

Тексерілетін субъектінің атауы: \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізу мерзімі \_\_\_\_\_

Тексеру кезеңі \_\_\_\_\_

СТН (ЖСН/БСН) \_\_\_\_\_

Мекенжайы: \_\_\_\_\_ қ., \_\_\_\_\_ көшесі

Телефон: \_\_\_\_\_, факс: \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы: \_\_\_\_\_ @ \_\_\_\_\_

№	Талаптар	иә	жоқ
<b>1. Нормативтік-техникалық құжаттамаға қойылатын талаптар</b>			
1	Ақпараттарды қорғау құралдарын, оның ішінде криптографиялық құралдарды пайдаланумен ақпараттық жүйелерді, сондай-ақ ақпараттарға қол жеткізуді бақылау мен қол жеткізу фактілерін тіркеу жүйелерін физикалық қорғауды қамтамасыз ету		
2	Ақпараттарға қол жеткізу, сондай-ақ тұлғалар тобы мен ақпараттардың сипаттамасы бойынша ақпараттарға қол жеткізуді шектеу жүзеге асырылатын аумаққа (үй-жайға) кірудің ерекше режимін қамтамасыз ету		
<b>2. Мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланатын ақпараттық жүйелерге, ақпараттық ресурстарға, бағдарламалық өнімдер мен деректер қорына қойылатын талаптар</b>			
3	Ақпараттық жүйенің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған стандарттарға сәйкестігі аттестатының болуы		
<b>3. Мемлекеттік тіркелімде тіркелетін, ақпараттық жүйелерге, ақпараттық ресурстарға қойылатын талаптар</b>			
4	Мемлекеттік тіркелімде тіркелген, электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер туралы мәліметтерді жыл сайын өзектілеу		
5	Сол немесе басқа себепті пайдаланудан шығарылған немесе басқа ведомствоға берілген ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді Мемлекеттік тіркелім есебінен шығару үшін хабарламаны уақтылы беру		
<b>4. Ақпараттық жүйелер, бағдарламалық өнімдер, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттама депозитарийінде (бұдан әрі – Депозитарий) депозитке берілетін ақпараттық жүйелерге қойылатын талаптар</b>			
6	Бастапқы бағдарламалық кодтардың, ақпараттық жүйелерді орнату пакетінің (түпнұсқалары мен көшірмелерінің) болуы		
7	Депозитарийде тұрған бағдарламалық өнімдер туралы мәліметтерді жыл сайын өзектілеу		
8	Сол немесе басқа себепті пайдаланудан шығарылған немесе басқа ведомствоға берілген бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттаманы Депозитарий есебінен шығару үшін хабарламаны уақтылы беру		
9	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 қарашадағы № 1124 Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімін және депозитарийді жүргізу ережесінің 30 тармағына сәйкес бағдарламалық өнімдерге, ақпараттық жүйелерге, ақпараттық ресурстарға нормативтік-техникалық құжаттаманың болуы		

**Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары:**

\_\_\_\_\_ (лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә)

\_\_\_\_\_ (лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә)

**Тексеру**

**субъектісі:**

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә)  
Қазақстан Республикасы  
Байланыс және ақпарат  
министрінің 2011 жылғы  
31 тамыздағы № 264 және  
Қазақстан Республикасы  
Экономикалық даму және  
сауда министрінің  
міндетін атқарушысының  
2011 жылғы 16 қыркүйектегі  
№ 307 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша  
Нысан

**Байланыс саласындағы жеке кәсіпкерлік саласындағы  
тексеру парағы**

Тексерісті тағайындаған орган: \_\_\_\_\_

Тексерісті тағайындау туралы акт: \_\_\_\_\_

(№, күні, құқықтық статистика органында тіркеу туралы мәліметтер)

Тексеру субъектісінің атауы: \_\_\_\_\_

Тексерісті өткізу мерзімі: \_\_\_\_\_

Тексерілетін кезең: \_\_\_\_\_

СТН (ИИН/БИН) \_\_\_\_\_

Мекен-жайы: \_\_\_\_\_ қ, \_\_\_\_\_ көшесі

Телефоны: \_\_\_\_\_, факсы: \_\_\_\_\_

Электрондық поштаның мекен-жайы: \_\_\_\_\_ @ \_\_\_\_\_

№	Талаптар	иә	жоқ
	<b>Байланыс саласындағы бақылау субъектіге</b>		
1	Байланыс қызметтерін беруге тиісті Мемлекеттік лицензияның бар болуы		
2	Радиожилік спектрін, кеме станциясын қолдануына рұқсатының бар болуы		
3	Кіріс және шығыс жергілікті, қалааралық және халықаралық байланыстың ұйымдастыру кезінде нөмірлеуді белгілеуімен нөмірлеу жоспарының және тиісті рұқсаттың бар болуы		
4	Байланыс операторы коммутациялық жабдықтау құрамында арнайы жедел-іздістіру іс-шараларын өткізуге құралдардың бар болуы		
	Жедел-іздістіру іс-шараларын өткізуін қамтамасыз ету үшін абоненттер туралы қызметтік ақпаратты екі жыл ішінде жинау мен сақтауын жүзеге асыру мүмкіндігімен		

5	сертификатталған аппаратты-бағдарламалық және техникалық құралдардың бар болуы		
6	Тексерілетін объектілерде қолданылатын байланыс техникалық құралдарына сәйкес сертификаттардың бар болуы		
7	Радиоэлектрондық құралдарды (РЭҚ) және жоғары жиілікті құрылғыларды (ЖЖҚ) пайдалануына рұқсатының бар болуы		
8	Жалпы пайдаланылатын телекоммуникация желісіне қосылу тәртібінің телекоммуникация желілерінің қосылуы өзара әрекет етуі, трафикті өткізуді реттеу және өзара есеп айырысуды жүргізу ережесіне сәйкес болуы		
9	Лицензияны пайдалану шарттарын, сондай-ақ байланыс саласында қызметтерді көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын сақтау		
10	Радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат ету мерзімдерін ұзартуының болуы		
11	РЭҚ және ЖЖҚ мемлекеттік тіркеуі туралы куәлігі мен радиожилік спектрін қолданылуына уақтылы төлемінің бар болуы		
12	Радиожилік спектрін қолдану және радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылардың пайдалану рұқсаттарындағы белгіленген деректеріне радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылардың пайдалану-техникалық сипаттамалар сәйкестігі		
13	Бақылау-өлшеу және сынақ жұмыстарын жүргізу үшін (тиісті шарт болған жағдайда өтінші берушіге меншік не болмаса жалдау құқықтарында тиесілі) метрологиялық базаның бар болуы (Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшеу жүйесінің тізіліміне енгізілген)		
14	РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға рұқсат ету мерзімдерін ұзартуының болуы		
15	Қазақстан Республикасы аумағында РЭҚ, ЖЖҚ сатып алған жағдайда, радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиілікті құрылғылардың сатып алуға рұқсатының болуы		
16	Тексеруші тұлғаға мынадай ақпарат ұсыну: Телекоммуникация желілерін құру және/немесе даму кезеңдері бойынша және Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінуіне байланыстыра отырып, қызметтер ұсынылатын аумақтар; қызметтер тұтынушыларымен өзара қатынастарында дербестік дәрежелері (дербес жүзеге асырылады немесе делдалдар - «қызметтер жеткізушілері» талап етіледі); желі түрін құрастырған кезде қолданылған стандарттар мен хаттамалар; желі сыйымдылықтары, оның ішінде құру және/немесе даму кезеңдері бойынша; желінің әкімшілік пункттеріне байланыстыруында байланыстың ұйымдастыру с ы з б а с ы н ы ң б а р б о л у ы ; ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісімен Қазақстан Республикасы аумағында басқа да байланыс желілерімен өзара іс-әрекет; станцияаралық қосылуларды ұйымдастыру тәсілдері (жалға берілген басқа желілер бойынша нақты техникалық құралдарды көрсетуімен өтінші берушінің меншікті байланыс желісінің құралдары бойынша); трафик есебі жүйесінің бар болуы; байланыс құралдарын иелену, пайдалану, өкім беру құқығы (меншік құқығында не болмаса жалдау құқықтарында); жергілікті телефон қосылулардың, нөмірді анықтау аппаратурасының уақтылы бағаларын есепке алу аппаратурасын қолдану (жергілікті телефон байланысы қызметін ұсынатын байланыс операторлары үшін талаптар); қолданылатын көлік құралдарын белгілеумен пошталық пошта қызметін беру тәртібі		

(пошта қызметін көрсеткен жағдайда); халықаралық пошта жөнелтімдерін кедендік тексеруге беру тәртібі (пошта қызметін көрсеткен жағдайда).		
--	--	--

**Уәкілетті органның лауазымды тұлғалары:**

\_\_\_\_\_ (лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (Аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (Аты-жөні)

**Тексеру субъектісі:**

\_\_\_\_\_ (лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (Аты-жөні)

Қазақстан Республикасы  
Байланыс және ақпарат  
министрінің 2011 жылғы  
31 тамыздағы № 264 және  
Қазақстан Республикасы  
Экономикалық даму және  
сауда министрінің  
міндетін атқарушысының  
2011 жылғы 16 қыркүйектегі  
№ 307 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша  
Нысан

**Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы  
Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына жеке  
кәсіпкерлік саласындағы тексеру парағы**

Тексеруді белгілеген орган \_\_\_\_\_

Тексеруді белгілеу туралы акт \_\_\_\_\_

(Құқықтық статистика органында тіркеу туралы мәлімет, №, күні)

Тексерілетін субъектінің атауы: \_\_\_\_\_

Тексеру жүргізу мерзімі \_\_\_\_\_

Тексеру кезеңі \_\_\_\_\_

СТН (ЖСН/БСН) \_\_\_\_\_

Мекенжайы: \_\_\_\_\_ қ., \_\_\_\_\_ көшесі

Телефон: \_\_\_\_\_, факс: \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы: \_\_\_\_\_ @ \_\_\_\_\_

№	Талаптар	иә	жоқ

1	Электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтiнiң электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтiне сәйкестiгiн растау жөнiндегi, сондай-ақ тiркеу куәлiгiнiң дұрыстығын растау жөнiндегi қызметке лицензияның болуы		
2	Ақпараттарды криптографиялық қорғау құралдарын iске асыруға (оның iшiнде басқаша беруге) лицензияның болуы		
3	Куәландыру орталығының бағдарламалық-аппараттық құралдарды орналастыру және пайдалануға арналған техникалық үй-жайдың болуы		
4	Тиiстi кәсiби деңгейге жауап беретiн және бiлiктiлiгiне сәйкес 3 жылдан кем емес жұмыс өтiлi бар бiлiктi инженерлiк-техникалық персоналдың, сондай-ақ куәландыру орталығының бiлiктiлiк талаптарына сәйкестiгiн растайтын құжаттардың (дипломдар, сертификаттар және куәландыру орталығы қызметiнiң тиiстi профилi бiлiктiлiгiн беру туралы әртүрлi куәлiктер) болуы		
5	Куәландыру орталығының аппараттық-бағдарламалық кешенi үшiн ақпараттарды криптографиялық қорғаудың сертификатталған құралының болуы		
6	Қызметтiң мәлiмделген түрiн жүзеге асыру үшiн қажеттi аппараттық-бағдарламалық кешеннiң болуы		
7	Қазақстан Республикасының мемлекеттiк құпияларын құрайтын, Қазақстан Республикасы ұлттық қауiпсiздiк органдарымен берiлген мәлiметтердi, немесе бiрлескен құпия жұмыстарды орындауға белгiленген заңнамалық тәртiпте жасалған шартты пайдаланумен жұмыстар жүргiзуге жұмыстардың болуы		
8	Электрондық цифрлық қолтаңба функцияларын iске асыратын, жұмыс iстеушi бағдарламалық қамтамасыз етудiң бұрыс жұмыстары фактiлерiнiң болуы		
9	Бекiтiлген нормативтiк-техникалық құжаттардың болуы		
10	Куәландыру орталығы модулдерiнiң (құрауыш) өзара iс-қимыл жасау сызбасы мен криптографиялық түрленудiң қолданылатын алгоритмдерi туралы деректерi мен электрондық цифрлық қолтаңбаны қалыптастыру үдерiсiн iске асыру жөнiндегi басқа да бастапқы деректерi (негiзгi талаптары) мен өтiнiш берушiмен бекiтiлген жекелеген параметрлерге және куәландыру орталығына қойылатын талаптары бар электрондық цифрлық қолтаңбаның болуы		
11	Осы куәландыру орталығында және оның пайдаланушыларымен қолданылатын ҚР СТ 1073-2007 бойынша пайданылатын АКҚҚ сәйкестiк сертификатының болуы		

**Уәкiлеттi органның лауазымды тұлғалары:**

\_\_\_\_\_ (лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә)

\_\_\_\_\_ (лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә) **Тексеру субъектiсi:**

\_\_\_\_\_ (лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә)